



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР-ның «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы «Мәңгілік ел» ресми порталы <https://strategy2050.kz/page/gosprog3>
2. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015жылдың 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ, 19-20 баптар
3. «Концессия туралы» [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000167\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000167_)
4. Варнавский В.Г. Партнерство государства и частного сектора: формы, проекты. Риски – М. : Наука.2009. - 178 с.

УДК 33.338.012

## ҚАЗАҚСТАНДА ӨНЕРКӘСІП САЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Тарғынова Қызғалдақ Мұхтарқызы

[k.targynova@mail.ru](mailto:k.targynova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік жергілікті басқару» мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.С. Тлеубердиева

Өнеркәсіп-қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың басым бөлігі жасалатын материалдық өндіріс саласы. Халық шаруашылығы мен халықтың жоғары сапалы өнімге деген қажеттілігінің қанағаттандырылуы деңгейі, техникамен қайта жаратандырылуы деңгейі, техникамен қайта жаратандырылуы, халық шаруашылығының барлық салалары өндірістің қарқынды дамытылуы, мемлекеттің қорғаныс қабілеті өнеркәсіптің дамуына қол жеткізген табыстарға байланысты. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі мемлекеттің экономикалық дамуының ең маңызды факторларының бірі болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері 28 жыл ішінде әр түрлі салалардан жаһандық жетістіктерге жеткеніміз белгілі. 1991 жылғы Қазақстан мен қазіргі тәуелсіз Қазақстанды салыстыруға да келмейді. Алайда шынайы экономист ретінде еліміздің қазіргі экономикалық жағын жақсы деуге келмейді. Елдегі табиғи ресурстармен қорларын, жер қойнауындағы қазба байлықтарын ескерер болсақ, мемлекеттің экономикасы әлжуаз болуы күлкілі жағдай. Бірақ шындық осы. Негізгі экономикалық проблема ол- өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің болмауы, елдің өнеркәсібінің нашар дамуы, бәсекеге қабілетті болмауы.

Қазіргі Қазақстанның бірінші мәселесі өндіруші күштердің, ең алдымен индустриалды күштердің деградациясы деп санаймын. Өнеркәсіп жаңа капиталистік қатынастардың елімізге енуін ең алдымен сезінгендердің бірі болды, оның ішінде технологиялық және кешенді салалардың: машина жасау, химия және мұнай-химия салаларының, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп саларын атай аламыз. КСРО құрамында Қазақстан сәтті модернизациядан өтті. Республика химия өнеркәсібі, машиналар мен жабдықтар, синтетикалық резеңке, тоқыма және басқа да көптеген өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін өндірді.

Тек 1981 жылдан 1986 жылға дейін Қазақстанда 400-ден астам кәсіпорын салынды. Коксхимиялық, мұнай және газ, тау-кен, геологиялық барлау, гидротехникалық және соғу техникасы, сорғылар, тракторлар, экскаваторлар және т.б. өндіретін машина жасау зауыттары Алматы, Өскемен, Қарағанды, Орал, Петропавл, Павлодар қалаларында жұмыс жасады. Бүгінгі таңда кеңестік дәуірдегі машина жасау және металл өңдеу секторына тиесілі 2000 кәсіпорынның 100-ден астамы ғана қалды, нәтижесінде өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі машина жасау үлесі 1990 жылы 16% -дан бүгінгі күнге дейін 3% -ға азайды. Қазіргі уақытта бұл өнімдердің көпшілігі шетелден сатып алынады.

1990 жылға дейін, Қазақстанда шамамен 20 ірі химиялық және мұнай-химия өнеркәсібі (Ақтау пластикалық массалар зауыты, Атырау зауыты «Полипропилен», химиялық талшық зауыты Қостанай, резеңке өнімдерін өндіру үшін Шымкент шина зауыты, Қарағанды кәсіпорын) болды. Бүгін пластикалық құбырлар шығаратын, құрылыс

пластмасса, полимер материалдар өндіретін . тек он шақты ғана өндіріс орындары бар. Қазірде тұрмыстық химияның көп бөлігі шетелден импортталады. Жеңіл өнеркәсіп салалары да дәл солай.

2000 жылдардағы Қазақстанның экономикалық өсуі үкіметтің технологиялық даму бағытындағы дұрыс саясатынан емес, мұнай мен темір бағасының көтерілуінен, және біздің мемлекеттің тікелей шикі мұнайды экспорттауынан болды.

1992 жылы Қазақстанда мұнай өндіру 25,8 млн тонна, 2003 жылы өндірілген 51,4 млн тонна, 2012 жылы 80 млн тоннаны құрады. 2014-2015 жылы мұнай көлемі 2012 жылдың көрсеткішіне жете алмады. Қазақстандағы газ мөлшері 2015 ж 43,2 млрд м<sup>3</sup> құрады. Осы уақытта мұнай бағасы 10-15 есе өсіп, түсті металдың бағасы 3-8 есе көтерілді. Мұнай-газ саласы елдің ЖІӨ-нің 25% -ын құрайды және мемлекеттік бюджеттің үштен екісін қамтамасыз етеді.

Мұнай мен газды өндірудің осындай деңгейімен, мұнай өңдеуде созылмалы тоқырау фактісі сөзсіз. Саланың шешілмеген проблемасы - зауытты шикізатпен, оның тереңдігімен өңделуін (орта есеппен алғанда шамамен 65%) жүктеу.

Осылайша, Қазақстан экономикасындағы технологиялық ілгерілеушіліктер өндірістің, энергетика мен көлік салаларының созылмалы деградациясында және соның ішінде білікті кадрларды даярлау жүйесінде көрініс тапқан ашық регрессивті сипатқа ие болды. Елдегі басты билік салаларды әртараптандыруға және модернизациялауға бағытталған түрлі стратегиялар, бағдарламалар мен жобаларды бірнеше рет жариялады. Дегенмен, олар бос сөз және риторика деп ойлаймын. Ендігі осы мәселенің шешу жолдары қандай ?

Халықтың әлеуметтік әлеуетін көтеруде жеңіл өнеркәсіптің игі ықпалы өлшеусіз. Жергілікті тұрғындардың, әсіресе, әйелдердің арасындағы жұмыссыздықты жоюдың бірден-бір тиімді жолы жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту болып табылады. Бұл саланың өнімдеріне деген сұраныс та жоғары – азық-түлік тауарларынан кейінгі екінші орынды иеленеді. Сондықтан, қарапайым жұрттың қамын ойлаған ел экономикалық даму стратегиясында бірінші кезекте жеңіл өнеркәсібі саласын дамытуға айрықша басымдық беруге тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық маңызы зор бұл саланы дамытуға әлемнің көптеген елдері әлдеқашан түбегейлі бетбұрыс жасаған. Мәселен, жеңіл өнеркәсіптің үлесі АҚШ, Италия, Германия, Қытай, Португалия, Түркия сияқты дамыған елдерде 12-20 пайызды құрайды. Қытай, Үндістан, Түркия, тіпті іргедегі Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттері табысының қомақты бөлігін жеңіл өнеркәсіп тауарларының экспортынан түсіруде. Соңғы жылдары қырғыз елінің ішкі жалпы өніміндегі жеңіл өнеркәсіп үлесі 30 пайыздан асты. Ал қазіргі таңда Қазақстандағы қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы жеңіл өнеркәсіптің үлесі 1,2 пайызды құрайды. Өткенді дұрыс таразылап алмай, алдағы күнде жүйелі жетістікке жету қиын. Елдің ертеңгі экономикалық бағдарламаларын белгілейтін бүгінгі «топ менеджерлер» топырақ шашудан жалықпай келе жатқан кешегі кеңес дәуірінде Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі жарты әлемді аузына қаратқаны ақиқат. Сол уақытта Қазақ КСР жеңіл өнеркәсібінің тоқыма, тігін, аяқ киім, тері-ұлпан өнеркәсібі салаларында 1 мыңнан астам іргелі кәсіпорындар жұмыс істеді. Олардың ішінде мыңдаған қазақстандықтардың өмір мектебі – сүйікті еңбек ұжымына айналған Алматы мақта-мата комбинатын (АХБК), «Жетісу», Жамбыл аяқ киім кәсіпорындарын, «Большевичка» тігін комбинатын, М.Мәметова атындағы тігін фабрикасын, Қостанай, Семей мауыты-шұға комбинаттарын ерекше атауға болады.

Тағы бір айрықша еске салатын бір мәселе, сол уақытта Қазақ КСР жеңіл өнеркәсібінің табысы ел бюджетінің 25 пайызын қамтамасыз етіп тұрған болатын. Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің соңғы ширек ғасыр көлеміндегі тіршілігін саралайтын болсақ, республикамыздың өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі үлесі 1990 жылы 15,8 пайызды құраса, 2000 жылы 2,3 пайызға дейін қысқарып, 2011 жылы 0,1 пайызға дейін құлдыраған.

Қазақстан жеңіл өнеркәсібі саласында тек 2016 жылы ғана жұмыс істеп тұрған 79 кәсіпорынның 27 пайызы жұмысын тоқтатқан екен. Жыл ішінде еліміздің тоқыма өнеркәсібіндегі 12 кәсіпорын (33 пайыз), киім тігу өнеркәсібіндегі 8 кәсіпорын (22 пайыз),

тері бұйымдарын шығаратын 1 кәсіпорын жабылған. Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің осыншама тұралауының басты себебі не? Мамандардың да, дуалы ауыз сарапшылардың да бірауызды пікірі бойынша, еліміздің жеңіл өнеркәсібі саласын тұншықтырып отырған – импорт. Яғни отандық рыноктың шетелдік тауарларға, импортқа тәуелділігі. Арнайы жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша, еліміздегі жеңіл өнеркәсіп тауарларына деген жыл сайынғы сұраныс 5-6 миллиард АҚШ доллар көлемінде болады екен. Осы тауарлардың 97 пайызы импорт есебінен жабылады. Кезінде жеңіл өнеркәсіп саласындағы ірі де іргелі кәсіпорындарды қасақана тұралатып, олардың жабдықтары мен ғимараттарын көлденең көк аттылардың қанжығасына байлап берген бір жауапты басшы «Осыншама мұнай тұрғанда, бізге киім тігу неменеге керек» деп «көрегенсіген» еді. «Жаманның айтқаны емес, сандырағы келедінің» кері келді. Мәселен, 2016 жылы еліміз бойынша тұтынылған сыртқы киімнің 97 пайызы, аяқ киімнің 96 пайызы, мата-мақта бұйымдарының 60 пайызы шетелдерден әкелінеді. 2017 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша, елімізге жалпы көлемі 144,3 миллион долларды құрайтын импорттық киім-кешек әкелінді. Олардың 80 пайызы Қытай, Түркия, Бангладеш, Италия және Өзбекстан елдерінен жеткізілген тауарлар көрінеді. Мәселен, осы мерзімде Қытайдан әкелінген киім-кешек өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 9 пайызға өсіп, Бангладештен жеткізілген тауарлар 45 пайызға өсіп, 22 миллион долларға жетіпті.

Бір ғана Алматы қаласына жеткізілетін импорттық киім-кешектер жергілікті кәсіпорындар шығаратын өнімдерден 18 есе асып түсті. Халық тұтынатын қолғаптардың 93 пайызы, шұлық өнімдерінің 73 пайызы Қытайдан жеткізіліп тұр. Дүркін-дүркін болса да, Қазақстан Үкіметі ел экономикасындағы жеңіл өнеркәсіптің үлесін арттыру қажеттігін тілге тиек етіп қояды. Өткен жылы бұл өзекті мәселені еліміздің Парламенті де қарады. Парламент Мәжілісінде «Өңдеу өнеркәсібін, экспортқа өнім шығару мүмкіндігі бар кәсіпорындарды дамыту. Ұлттық «Made in Kazakhstan» брендин дамыту» тақырыбында арнайы отырыс өткізіліп, қордаланған проблемаларды талқылады. Инвестициялар және даму министрлігі жеңіл өнеркәсіпті дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітіп, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің әлеуметтік тиімділігін арттыра отырып, олардың бәсекелестік қабілетін көтеру тетіктерін белгіледі. Өкінішке қарай, тұралаған жеңіл өнеркәсіп саласының бойына қан жүгіртіп, төрт аяғына тұрғызу мақсатындағы бұл қадамдардың бәрі қауқарсыз болды. «Баяғы жартас – сол жартас» күйінде қалып, жеңіл өнеркәсіп оңалар емес. Қазіргі таңда еліміздің жеңіл өнеркәсібі саласында жұмыс істеп тұр деген саусақпен санарлық кәсіпорындардың басым көпшілігі бәсекелестікке қабілетсіз.

Бұл реттегі басты мәселе – баға. Отандық кәсіпорындар шығарған өнімдердің бағасы айға секіретіндей, «аспандап» тұрады. Мәселен, Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметі бойынша, елімізге Қытайдан әкелінген шұлықтың әр жұбы – 27 теңгеден болса, жергілікті өнеркәсіп тоқыған әрбір шұлықтың құны – 120 теңгеден, Қытайдан әкелінген әрбір костюм – 4,5 мың теңгеден болса, өзіміздің кәсіпорындарда тігілген дәл осындай костюмдердің құны – 40 мың теңгеден асып түседі. Бұл жерде бәсекелестік туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз. Сондықтан жергілікті жеңіл өнеркәсіп саласының жұмыс істеп тұрған санаулы кәсіпорындары рыноктағы ашық бәсекелестікке ұмтылмайды. Олар «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» дегендей жол тауып, әртүрлі формалық киімдерді тігу жөніндегі бюджеттік тапсырыстарға бейімделген. Жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту мақсатында өткен жылы ғана құрылған Қазақстан Республикасы Жеңіл өнеркәсібі өндірісінің одағы да өзінің қызметінде осы бағытты басшылыққа алып, арнайы киімдер мен әскери киім-кешектер өндірісінде қазақстандық шикізаттың үлесін арттыруға ғана ден қойған. Шикізат демекші, еліміздің жеңіл өнеркәсібінің еңсесін езіп тұрған күрделі мәселенің түйткілдері де осы шикізаттан туындап отыр.

Төрт түліктің құтты мекені болған Қазақстанда тері мен жүн өңдейтін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Малдың терісі мен жүнінің белгілі бір бөлігі ғана таза шикізат күйінде шетелдерге жөнелтіледі. Көптеген ауылдарда сұраныстың жоқтығынан малдың терісі мен жүні күресінге тасталады немесе отқа жағылады. Осының салдарынан жеңіл өнеркәсіп



саласындағы санаулы кәсіпорындардың өзі шетелдің шикізатына тәуелді болып отыр. Олар өнім өндіруге қажетті шикізаттың 85 пайызын сырттан әкеледі. Қорыта айтқанда, Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің қазіргі ахуалы өте алаңдатарлық жағдайда. Инвестициялар және даму министрлігінің соңғы деректері бойынша, отандық тоқыма және тігін өнеркәсібі ішкі рынок сұранысының 8 пайызын, аяқ киім өнеркәсібі ішкі сұраныстың 1 пайызын ғана жабады. Оның өзі жоғарыда айтқанымыздай, құқық қорғау органдары мен әскерилердің және ведомстволық құрылымдардың тапсырысы бойынша тігілетін арнайы киімдер мен аяқ киімдер болып отыр. Ал халықтың жеңіл өнеркәсіп тауарларына деген жалпы сұранысы импорт есебінен жабылады. Бұл орайда, импорттық тауарлардың халықтың денсаулығына тигізетін кері әсері туралы да айтпай кету қисынсыз болар еді. Қазақстан рыногына жеткізілетін импорттық киім-кешек пен аяқ киімдердің 80 пайызы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен әкелінеді. Ал бұл елдерде шығарылатын өнімнің шығынын азайту мақсатында табиғи шикізаттың орнына химиялық қоспаларды көптеп қолданатындығы жасырын емес. Тығырықтан шығар жол қайсы? Ол – өзгенің қаңсығын таңсық қыла бермей, отандық киім-кешек және аяқ киім өндірісін дамыту. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп саласын қарқынды дамытуға қажетті мүмкіндіктер жеткілікті. Ең бастысы, бұл салаға мемлекет тарапынан нақты бетбұрыс жасалып, шынайы қолдау көрсетілуі керек. «Орта және шағын бизнес субъектілері жеңіл өнеркәсіпті дамытуға тиіс» деген жаттанды сөзден арылуымыз керек. Ешқандай жекеменшік кәсіпкер алыпсатарлық саудадағыдай бірден табыс бере қоймайтын жеңіл өнеркәсіп (тері өңдеу, жіп иіру, киім және аяқ киім тігу) өндірісін дамытуға қаржы салмайды. Сондықтан, мемлекет отандық жеңіл өнеркәсіп саласын тығырықтан шығару үшін бұл салаға арзан шикізат, заманауи құрал-жабдықтар мен жаңа технологиялар әкелуі керек. Бір кезде Қазақстан жеңіл өнеркәсібін жаһанға танытқан Алматы мақта-мата комбинаты, «Жетісу» аяқ киім фабрикасы сияқты отандық брендтерді жандандыру күн тәртібіндегі басты мәселеге айналуы тиіс.

Осылайша, Қазақстан экономикасындағы технологиялық ілгерілеушіліктер өндірістің, энергетика мен көлік салаларының созылмалы деградациясында және соның ішінде білікті кадрларды даярлау жүйесінде көрініс тапқан ашық регрессивті сипатқа ие болды. Елдегі басты билік салаларды әртараптандыруға және модернизациялауға бағытталған түрлі стратегиялар, бағдарламалар мен жобаларды бірнеше рет жариялады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ж.О. Ихданов., Э.О Орманбеков. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. /Алматы: Экономика, 2002.-218 бет
2. В. Василенко., СВ. Донсков Экономика пищевой промышленности/Москва: ВО Агропромиздат, 1989. - 389 бет
3. Жолдасбаева Г.Ө Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы/Г.Ө Жолдасбаева -Алматы: Экономика, 2002. - 109 бет.
4. Мейірбеков А.Қ. Кәсіпорын экономикасын оқу құралы /А.Қ.Мейірбеков.Д.Ә. Әлімбетов - Алматы: Экономика. - 2003. -252 бет.